

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Бас мұфти: Оразаға жетер құлшылық жоқ



- Наурызбай қажы Тағанұлы, Рамазан айы жақындаған сәтте оразаның басталатын нақты уақытына қатысты сұрақтар көбейеді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бұл мәселеге қатысты баспасөз мәслихатында ресми түрде мәлімдеме жасайды. Десе де біздің білгіміз келген нәрсе: Рамазан айы қалай анықталады?

- Аса Қамқор ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын! Қасиетті Рамазан айының келгенін білдіретін шарапаты мол Шағбан айының соңында мұсылмандар күн батқаннан кейін жаңа ай туғанын байқауға тиіс. Бұл – өте маңызды мәселе. Себебі ораза – Ислам негіздерінің бірі. Сондықтан Рамазан айының басталуын анықтау – өте маңызды іс. Егер келесі күні жаңа ай туса, онда исі мұсылман баласы ораза ұстауға ниет етеді.

Рамазан айын анықтауға байланысты ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп ескерткен: «(Жаңа) ай туған кезде ораза ұстандар және (жаңа ай) туғанда ауыздарынды ашыңдар. Егер аспан бұлтты болып, айдың туғанын аңғара алмасаңдар, онда Шағбан айын 30 күн толық етіп санаңдар». Алла елшісінің осы хадисін Абдулла ибн Омар (Алла оған разы болсын) да растаған.

Егер сенімді адам, яғни өтірік айтпайтын кісі айдың туғанын көрсе, онда Рамазан айы сол адамның күәлігімен бекітіледі. Егер жамағат айды көре алмай калса, онда екі әділетті адамның айтуы бойынша бекітіледі. Ал егер екі адам айдың туғанын байқамаса, онда айды көрген бір әділетті адамға сенім артылады. Бұл – ауа райы ашық болған жағдайда жүзеге асатын іс. Егер ауа райы ашық болмаса, жоғарыда келтірілген хадиске сүйене отырып, Шағбан айын отыз күнге толтыру керек.

- Ғылым мен білім, ақпараттық технология қарыштап дамып жатқан қазіргі ХХІ ғасырда Рамазан айын анықтау мәселесінде ғылыми зерттеулерге сүйенуге бола ма?

- Эрине, болады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздегі іргелі зерттеу орталықтарының бірі – Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығының ғылыми мәліметіне сүйеніп, сондай-ақ көрші Өзбекстан және Қырғызстан мұсылмандары діни басқармаларының ғұламаларымен кеңесіп, жан-жақты талқылаудан өткізіп, Рамазан айы басталатын күнді белгілейді. Осылайша, шариғат үкімі мен ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындысына сәйкес шешім қабылданады. Яғни астрономдар мен ғылыми зерттеу орталықтарының мәліметі мен Ислам ғұламаларының пікіріне сүйене отырып айдың тууын анықтауға болады. Ғылыми негіздер мен ғалымдардың пікірі кез келген мәселенің түйінін тарқатады. Анығын Алла жақсырақ білуші.

- Қандай адамдар ауыз бекітуден босатылған? Бұл ең көп қойылатын сұрақ болса да, жауабын өзінізден естісек.

- Құранда мынадай аят бар: «Алла сендерге (әр нәрсенің) жеңілдігін қалайды, қындықпен қинамайды» («Бақара» сүресі, 185-аят). Расында Ислам діні ауыз бекітуге шамасы келмейтін адамдарды ауыртпалықтан босатқан. Мұндай адамдар оразасын Рамазан айынан кейін ұстаса болады. Ал мұлде ораза ұстауға шамасы келмейтіндер підия садақасын (бір адамның таңғы және кешкі асын) беріп, өзін ауыз бекітуден босатады. Підия садақасы дегеніміз – бір адамның күнделікті (таңғы және кешкі) тойып ішетін асы.

Сұрағыңызға оралсам, біріншіден, науқас адам ораза ұстаудан босатылады. Бұл жерде дерптің түрі мен деңгейін ескеру керек. Егер науқас адам ораза ұстаған жағдайда денсаулығына кері әсер етсе, дерті асқынып кетсе, мұндай жағдайда сақтанған дұрыс. Яғни мұндай кезде білікті, жанашыр дәрігердің нұсқауымен оразадан босатылады. Ал дерті денсаулығына зиян келтірмейтініне көзі анық жеткен адамның ауыз бекіткені абзal. Әйткені ораза – жанның ғана емес, тәннің де шипасы. Ораза ұстап, дертінен айыққан жандар қаншама?!

Алла Тағала Құранда: «Сырқатқа шалдыққан жандар және сапарда жүрген жолаушылар басқа күндері ораза ұстап орнын толтырсын» («Бақара» сүресі, 185-аят), деген. Жолаушы да оразадан босатылады. Дегенмен егер сапар қындық тудырмаса, оразасын бұзбағаны абзal. Жүкті немесе емізуі баласы бар әйелдер өзіне немесе жатырындағы баласының денсаулығына қауіпті болатынын білсе, оразадан босатылады. Қарттық жеткен егде кісілер де ауыз бекітпесе болады. Олар күніне бір міскінді тамақтандырады. Етеккірі келген, сонымен қатар жаңа босанған әйелдер оразасын уақытша тоқтатып, кейін қазасын өтейді.

Балиғатқа толмаған немесе ақыл-есі дұрыс емес адам ораза ұстамайды. Бұл туралы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі

болсын): «(Жақсы және жаман істерді жазатын періштенің) қаламы үшеуден көтерілген (жазбайды): баладан, ол кәмелетке толғанша; ұйқыдағы адамнан, ол ұйқысынан оянғанша және ақылдан алжасқан, ол ақыл-есін жиғанша», деген. Алла Тағала сіз бен бізге ұлы құлшылықты кемшіліксіз атқаруға шынайы ықылас пен құш-қуат берсін!

- Оразаның өзге құлшылықтардан ерекшелігі неде?

- Жерді мекен еткен аң мен құстың, барлық тіршілік иесінің жыл мезгілдерінде жаңару, түлеу, өзгеру үдерісінен өтетіні белгілі. Ал Алланың адам баласына берген шексіз нығметі, теңдессіз сыйы саналған ораза - күнәға бетпе-бет келуден сақтайтын, жан-дұниемізді, мінез-құлқымызды жақсылыққа тәрбиелейтін, рухани түлеп шығатын құлшылық. Оразаның ерекшелігінің бірі - Алла мен адам арасындағы құпия құлшылық екендігінде. Сол үшін Алла оның сыйы мен сауабын өзім берем деген. Құдси хадисте Алла Тағала: «Аузы берік адам ішіп-жеуін мен үшін доғарды. Ораза - Мені мен құлымның арасындағы ғибадат. Өған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен ғана беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдегенде шығатын аузының исі мен үшін миск әтірінен де артық», деген.

Оразаның өзге құлшылықтардан ерекшелігі - мұсылмандың бұл парыз амалды бар болмысымен, шынайы ықыласымен, жан-тәнімен орындаудында. Рамазан айында адам баласы тек ішіп-жеуден, жыныстық қатынастан ғана өзін тыймайды. Ораза көзді жаман нәрсе көруден, құлақты жаман сөз естуден, тілді өсек сөзден, ғайбаттан сақтайды. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай дейді: «Расында Алла өтірік айтуын доғармаған жанның ішіп-жемін тоқтатқанына мұқтаж емес». Ендеше тілмен де ораза тұтуымыз қажет. Тағы бір хадисте: «Қаншама ораза тұтушылар бар, олардың бар тапқан пайдасы - шөлдеу ғана» делінген.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ораза ережелерін дұрыс сақтамаған, Алла тыйған істерден өзін тыймаған кейбір адамдардың оразасының қабыл болмауы мүмкін екенін ескерткен. Сондықтан ораза ұстаушы мұсылман өзін өсек-аяңнан, өтірік, балағат сөздерден, ұрыс-керістен аулақ ұстауға тиіс. Ондай ортада үндемеудің өзі - ұлken сауап. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір сөзінде: «Ораза тұтушының үндемеуі - Аллаға тәсбих айтқанмен тең», деген.

Ораза адам баласын қанағатшыл болуға тәрбиелейді. Қанағат - адам баласының асыл қасиетінің бірі. Қанағатшыл адам - нағыз бай адам. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Құдайдың бергеніне риза болсаң, ең бай адамның бірі атанасың», деген. Біз ораза ұстау арқылы қолымызда бар нәрсенің қадірін сезінеміз және бізге өте көп нығмет берілгенін түсінеміз. Бұл түсінік бізді қанағатшыл болуға тәрбиелейді.

Құранда қанағат туралы мынадай астарлы аят бар: «Мейлі ер болсын, әйел болсын, кімде-кім мүмин ретінде (Алланың разылығына бөлейтін) сауапты да игілікті істер атқарса, Біз оған міндettі түрде пәк әрі жақсы өмір сыйлаймыз» («Нахыл» сүресі, 96-аят). Хазреті Әли (Алла оған разы болсын) осы аяттағы «жақсы өмір» деген сөзді «қанағат» деп түсіндірген екен. Ал сахабалардың көзін көрген Хасан әл-Басри (Алла оны рақымына алсын) осы аят жайлы ойын былай сабактайды: «Пәк әрі жақсы өмір деп қанағат етуді айтамыз». Демек жақсы өмір қанағатпен тең деген мағына шығады. Яғни ізгілікке толы, салиқалы өмір сүру үшін қанағатшыл болу керек. Ал ораза қанағатты дос тұтуды, оны өмірлік серік етуді үйретеді. Түйіндең айтқанда, ораза жақсы өмір сүруді үйретеді.

- Ал Рамазан айының өзге айлардан ерекшелігі қандай?

- Алла Тағала өзінің қалауымен ораза құлышылығы үшін он екі айдың ішінен Рамазан айын таңдаған. Олай болса Алланың таңдауы түскен айдың өзіне тән артықшылықтары да бар. Хақ Тағала ерекше айдағы ғибадатты бұлжытпай орындаған құлдарының мәртебесін де ерекше биіктетіп, мерейін ұstem етуге уәде еткен.

Рамазан – он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол ай. Біздің халқымыз ежелден Рамазанды ерекше қастерлеп, «он екі айдың сұлтаны» деп қадірлекен. Бұл айдың өзге айлардан ерекшелігі өте көп. Біріншіден, Рамазанда Алла разылығы үшін жасалған жақсы іс басқа айларда парыз амал орындағанмен тең. Сол секілді Рамазанда парыз амалын орындаған адам басқа айларда жетпіс парыз орындағандай сауап алады. Бұған қатысты мынадай хадис бар: «Осы айда Аллаға бір ізгі қасиетпен жақындаған жан басқа уақытта парыз орындағандай. Ал осы айда парыз амалын орындаған адам басқа уақытта жетпіс парыз орындағандай».

Ислам ғалымдарының айтуынша, ізгі амалдың сауабының ерекше еселеңуінің себептері бар. Біріншісі, ізгілік жасалған жерге қатысты. Яғни орынның құрметтілігіне қарай онда орындалған іс-амалдың сауабы да еселенеді. Мысалы, үйде оқылған намаздан мешіттерде оқылған намаздың сауабы айрықша көп. Изгі амалдың сауабының еселеңуінің тағы бір сыры оның орындалған уақытына байланысты. Мысалы, Зулхижжа айының алғашқы онкүндігінде және Рамазан айында жасалған қайырлы істердің мәртебесі биік болады. Бірде бір кісі Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кай садақа қайырлы?» деп сұрағанда: «Рамазан айында берілген садақа», деп жауап берген екен. Соңдықтан ерекше Рамазан айында Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ерекше жомарттық танытатын. Бұл туралы Айша анамыз (Алла оған разы болсын) былай деп әңгімелейді: «Алла елшісі өте жомарт болатын. Ал Рамазан айында одан да ерекше жомарттық көрсететін». Яғни Пайғамбарымыз Рамазан айында құлышылық жасау барысында да, садақа беру кезінде де ерекше жомарттық жасайтын.

Рамазан айының тағы бір ерекшелігі – бұл айда қасиетті Құран аяттары түсі бастады. Алла Тағала бұл жайында «Бақара» сүресінде: «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді», деп баяндаған. Рамазан айында Құран Қәрімге ерекше ден қоюымыз керек. Бұл айда Жебірейіл (оған Алланың сәлемі болсын) періште Пайғамбарымызға келіп, Құран Қәрімді қайталап үйрететін. Хақ Тағаланың кітабын үйрену, Оның елшісін сую тәрбиенің негізгі қайнар көзі болып саналады.

О дүниеде әрбір мұсылманға тұтқан оразасы мен оқыған Құраны шапағатшы болады. Бұл жайында Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қиямет күні ораза мен Құран Раббының алдында пендеге араша болады. Ораза: «Раббым! Мен оны күндіз ішіп-жеуден тыйған едім. Енді мен оған араша болайын», – дейді. Құран болса: «Мен оны түнде үйқысынан айырып едім, сол үшін оған араша болайын», дейді. Сөйтіп, екеуінің де шапағаты қабыл етіледі», деген.

Адамзаттың асылы Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хира үңгірінде Жаратқанға оңаша ғибадат етіп жатқан тұндердің бірінде Жебірейіл періште (оған Алланың сәлемі болсын) келіп, Құранның алғашқы аяттарын уахи етті. Сол түн мың айдан қайырлы Қадір түні еді. Бұл оқиғаның мәніне үңілсек, Рамазан айының туғанын көрген, сол кезде тірі болған әрбір мұсылманға ораза тұту парызы екенін аңғарамыз.

Рамазан мейірім, молшылық айы болса, сол қасиетті айдың маңызын Қадір түні тіпті мәнді ете түседі. Алла Тағала айлардан – Рамазанды, күндерден – жұманы, тұндерден Қадір түнін артық еткен. Қасиетті Құран Қәрімнің «Қадір» сүресінде: «Қадір түні – мың айдан қайырлы», делінген. Бұл түнде періштелер жерге түседі. Қадір түні – бойға рух, санаға нұр құятын ерекше түн. Сондықтан осы түнді барлық мұсылмандар құлшылықпен өткізіп, отбасының амандығын, елдің тыныштығын тілеп дұға жасайды. Қадір кешін құлшылықпен өткізген адам үлкен сауапқа кенеліп, екі дүниенің қуанышына бөленеді.

– Ораза ұстайтын жандарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең әуелі ықылас пен ниетті дұрыстау керек. Өйткені ықылас жүректің кіршіксіз адалдығы мен ниеттің тазалығын айқындайды. Алла Тағала сіз бен біздің шынайы ықыласымызға, ниетімізге қарай сауап жазады. Дәрет алмай, намаз қабыл болмайтыны секілді, ниет дұрыс болмай, құлшылық қабыл болмауы мүмкін. Жәләлуддин Руми бір сөзінде былай деген екен: «Сенің барлық іс-әрекетіңе ықылас қажет. Сонда ғана Алла Тағала жасаған сауапты істерінді қабыл етеді. Өйткені ықылас – құлшылық құсының қанаты. Сен қанатсыз бақыт мекеніне қалай үшпақсың?».

Осы ретте мына хадисті ерекше айтып өтер едім: «Шын мәнінде Алла сендердің түрлерің мен сырт көріністеріңе қарамайды, алайда

жүректерің мен іс-амалдарыңа қарайды». Сондықтан ғалымдарымыз айтқандай, аз амалды ниет көбейтеді, көп амалды ниет азайтады. Сауабы мол Рамазан айында аз амал жасасақ та, шынайы ниетпен орындасақ сөзсіз оның нәтижесі мен жемісін көреміз.

Алла Тағала Рамазан айындағы оразамызды, Қадір түніндегі дұғат-тілектерімізді қабыл еткей! Еліміз аман, жұрттымыз тыныш болғай! Келесі Рамазан айына аман-есен жетуімізді Алла нәсіп етсін! Әмин!

Әңгімелескен
Азамат ЕСЕНЖОЛ